

Аудан әкімінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы "2009 жылдың қаңтар-наурыз аралығында 1992 жылғы Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскесіне тіркеу туралы" N 01-01 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 03-04 шешімі . Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 31 наурызда N 2-16-82 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудан әкімінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы "2009 жылдың қаңтар-наурыз аралығында 1992 жылғы Қазақстан Республикасының азаматтарын шақыру учаскесіне тіркеу туралы" (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2009 жылғы 04 ақпандағы N 2-16-78 болып тіркелген, 2009 жылы 13 ақпандағы "Жаркент өңірі" газетінің N 7 нөмірінде жарияланған) N 01-01 шешіміне төмендегідей өзгертулер е н г і з і л с і н :

1) шешімнің 2-тармағын, 3-тармағының 1-2, 5-тармақшалары, 4-тармағы, 5-тармағының 3-тармақшасы және 7-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Раевқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім ресми түрде жарияланғаннан кейінгі он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Келемсейіт